

**Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем
Тілдері Университеті**

**6D021000-Шетел филологиясы мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Куркимбаева Айжан Муратовнаның «Туристік
блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын
және қазақ тілі материалдары негізінде) тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына
рецензент А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас
ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы
Жаңабекова Айман Әбділдақызының**

ПІКІРІ

Қазіргі лингвистикадағы ғылыми парадигма тілді адамтану бағытында зерттеуге бағытталып, нәтижесінде тілдік нысандар ғылым салаларымен кең астастықта қарастырыла бастады. Құрылымдық лингвистикадан ерекшелігі антропоөзектік бағыттағы зерттеулерде тіл формальді модель тұрғысынан ғана емес, тірі тіл ретінде адамның болмысымен, дүниетанымымен, психологиясымен, қоғамдағы орнымен т.б. байланысты зерттелу мүмкіндігіне ие болды. Бұл бағыт тек тілші мамандарға ғана емес, қарапайым халық өкіліне болмысты танытудың күшті құралына айналды. Әсіресе, әр халықтың ұлттық дүниетанымын ашуда салыстырмалы әдістің рөлі ерекше. Бір тіл негізінде жүргізілген зерттеулердің өзінде ұлттық ерекшеліктерді тану үшін екінші бір тілдермен салыстыру қажеттігі туындаиды. Салыстырмалы, салғастырмалы әдістер арқылы тілдің құрылымдық типологиясын ғана емес, ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтау мүмкіндігі туды. Осы ретте А.М.Куркимбаеваның «Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілі материалдары негізінде)» атты салғастырмалы зерттеуі екі ұлттың дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді, ертегі дискурсы арқылы екі тілдің бүкіл ұлттық болмысын, сана-сезімін, ерте кездегі екі ұлттың болмысын тануға мүмкіндік береді.

«Қазіргі танда туризмнің дамуы көбінесе ғаламдық желі арқылы іске асырылуда. Туризм мамандары өз өнімдерін әлеуметтік желіде оңай жарнамалай алады. Туристер әлемнің кез келген жерінен өз демалыстарын тиімді ұйымдастыра алады. Осы туристік блогтардағы адресант пен адресат арасындағы тілдік коммуникацияның қалай іске асатынын зерделеу де өзекті» дей отырып, ізденуші туристік блогинг тілін ағылшын және қазақ тілі материалдары арқылы зерттеген. Туризм тілін зерттеуде дереккөз ретінде интернет сайттарындағы блоктар жазбаларын тандаиды. Туризмді дамытудың көзі – коммуникативтік прагматикамен тығыз байланысты екені белгілі. Туризмді ұйымдастырушылардың көздеген мақсатына қарай олардың жұмысы онға басып, қаржылық жетістіктерге жетуге мүмкіндік туады. Осы ретте бұл саладағы коммуниканттардан адресант факторының рөлі ерекше

мәнге ие болады. Диссертант тап осы мәселені лингвистикадағы коммуникативтік тактика, коммуникативтік стратегия ұғымдарымен байланысты зерттеуді өте ұтымды тақырып етіп алған деп санаймыз.

Диссертацияның құрылымы жағынан тақырыптар байланысты, стилі жатық, алынған ғылыми нәтижелері салмақты, тұжырымдары жеткілікті.

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады.

Қорыта келгенде, А.М.Куркимбаевың «6D021000-Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілі материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сай келетіндігін ескере отырып, А.М.Куркимбаевы «6D021000-Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Рецензент:

**филология ғылымдарының
докторы**

«_____» _____ 2020ж.

тел. +7-701-270-98-60

e-mail: aiman_miras@mail.ru

